

Жапонияға ресми ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 325 Қаулысы

2011 жылғы 11 наурызда болған жойқын жер сілкінісі және зор цунами салдарынан Жапонияда қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық ахуалға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне Жапонияға ресми ізгілік көмек көрсету үшін Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін 2011 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен 1000000 (бір миллион) АҚШ долларына баламалы сомада қаражат б ө л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен көрсетілген қаражатты: Bank name: Sumitomo Mitsui Banking Corporation, Branch name: Ginza, Assount number: 8047670 (Ordinary assount), SWIFT Code: SMBC JP JT, Recipient: The Japanese Red Cross Society, Recipient address: 1-1-3 Shiba-Daimon Minato-ku, Tokyo JAPAN арнайы банк шотына аударуды қамтамасыз етсін.

3. Жапонияға ресми ізгілік көмек көрсету үшін мемлекеттік материалдық резервтен саны 83250 (сексен үш мың екі жүз елу) физикалық қалбыр ет консервілері броньнан ш ы ғ а р ы л с ы н .

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.01.18 № 95 Қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Жапония, Нарита әуежайына дейін ізгілік жүкті уақтылы тиеп жіберуді және әуе көлігімен жеткізуді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

5. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар, Қаржы министрліктері осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

6. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі ізгілік жүгін алушыны анықтасын және көмек көрсету жөніндегі шараларды үйлестіруді қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

